



# АЛТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№32 (146) 25 шілде 2026 жыл

## ● БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫ

Бүгінгі таңда Қазақстанның азаматтық қоғамы ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясының күшіне енуіне байланысты институционалдык жаңарудың және Мемлекет басшысының стратегиялық бағытын практикалық жүзеге асырудың маңызды кезеңіне қадам басты. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, әлеуметтік әділеттілікті орнату және экономикалық әлеуетті нығайту ісінде аға буынның өмірлік тәжірибесі мен интеллектуалдық әлеуеті мемлекеттік реформалардың қозғаушы күшіне айналуы тиіс. Осы тұрғыда ардагерлер қозғалысы қоғамдық сананы трансформациялауға және ел дамуындағы өзекті тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған өз стратегиясын ұсынады.

## Даналық формуласы



### РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АРДАГЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ

Аға буын өздерінің басты рөлін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстанды құру және «Адал азамат» тұжырымдамасын қалыптастыру жөніндегі стратегиялық бағытын қолдаудан көреді. Қоғам берік моральдық тірекке мұқтаж және дәл осы ардагерлер активі өскелең ұрпақты тәрбиелеу миссиясын өз мойнына алуға дайын. Бұл жұмыс негізгі жеті іргелі бағыт бойынша құрылатын болады, олардың әрқайсысы қазіргі кезеңде ерекше өзекті, терең идеологиялық әсерге ие және сәтті жүзеге асырылған жағдайда елдің терең ойлайтын, әділ азаматының жаңаруы мен қайта өрлеуіне ықпал етеді:

**Үлкенге құрмет - ұлттық дәстүр және әлеуметтік қамқорлық.** Бұл тек сыпайылық таныту емес, әлеуметтік тұрақтылықтың негізі және ұлттың мәдени имунитеті. Үлкен жасты құрметтеу ұрпақтарды біртұтас тарихи тізбекке байланыстырады, жастарды рухани бос кеңістік пен нигилизмнен қорғайды. Сонымен қатар құрмет сезілерлік мемлекеттік және қоғамдық қолдаумен нығайтылуы тиіс. Осыған байланысты Ардагерлер ұйымы еңбек адамы мен еңбегі сіңген зейнеткердің сапалы жаңа, жоғары имиджін қалыптастыруды мақсат етеді. Мемлекеттік деңгейде карт азаматтар үшін жүйелі әлеуметтік преференциялар пакетін, сондай-ақ қоғамдық орындарда үлкендерге құрметпен қарауды қамтамасыз ету, қоғамдық және қала маңындағы көліктерде жүру бойынша шығынсыз шараларды белсенді түрде бастамашылық ету және ілгерілету жоспарлануда. Ардагерлердің әл-ауқатына сөзбен емес, іспен қамқорлық жасау - өскелең ұрпақ үшін құрмет көрсетудің ең жақсы үлгісі. Осыған байланысты қазіргі уақытта Оқу-ағарту министрлігімен және Көлік министрлігімен меморандумдардың жобалары дайындалуда. «Ауыл» партиясымен меморандумға қол қойылды, сондай-ақ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен ынтымақтастық туралы құжат дайындалып, жақын күндері қол қойылатын болады. Мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс орта мерзімді перспективада алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Кітаппен болашаққа». Клиптік

ойлау мен ақпараттық шу дәуірінде кітап ұзақ мерзімді есте сақтауды, аналитикалық ақыл-ой мен эмпатияны дамытудың басты құралы болып қала береді. Ардагерлер жастарға мынаны жеткізеді: кітап оқитын ұрпақ әлеуметтік желілердің таспаларын ғана парактайтын қауымды әрқашан басқаратын болады. Ардагерлердің орасан зор оқырмандық тәжірибесі өскелең ұрпақты оңай бағыттап, кітапты қайтадан сұранысқа ие және білімнің басты қайнар көзіне айналдыра алады.

**«Алтын Орда» - тарихи сана және бабалар аманаты.** Жошы ұлысынан бастап «Алаш» қозғалысына дейінгі өз тарихын білу мемлекеттік ойлауды қалыптастырады. Тарихи жады - бұл өткенге соқыр сезіммен бас ию емес, сыртқы идеологиялық манипуляцияларға қарсы қалқан және егемендік мақтаныштың негізі. Алтын Орда тарихына арналған іргелі жеті томның бірі әрбір ардагер отбасында үстел үсті кітабына айналуы тиіс.

**Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және ажырасу мәселесі.** Отбасы - мемлекеттің шағын моделі. Жас некеңдердің бұзылуы елдің әлеуметтік құрылымын әлсіретеді. Ардагерлер некенің институционалдык беріктігінің жанды үлгісі ретінде әрекет етіп, төзімділік, өзара жауапкершілік және жасампаз ымыраға келу құндылықтарын таратады.

**Дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік (Жат ағымдарға жол жоқ).** Халқымыздың шынайы руханилығы тарихи тұрғыдан жанжалсыз, ол әрқашан зайырлы өмір салтымен, ұлттық мәдениетпен және заңға деген құрметпен үйлесім тапқан. Радикализмге тосқауыл қою - бұл Қазақстанның егемендігі мен ішкі қауіпсіздігін қорғау. Қабылданып жатқан заңнамалық шаралармен қатар, ардагерлер белсенділері беделді сөз бен сендіру күшімен қателескен азаматтарға қатысты алдын алу тәрбиелік әсерін көрсететін болады.

Жастарды тәрбиелеу: адал адам, табиғатқа сүйіспеншілік және жасампаз патриотизм. Патриотизм ұрандармен емес, нақты істермен өлшенеді. «Адал азамат» - бұл киелі жерге қоқыс тастамайтын, өзгенің еңбегін құрметтейтін және өзінің жеке жетістігін Отанының жетістігімен байланыстыратын адам.

Ардагерлердің жеке үлгісі және қарапайым ақиқаттарды қажымай-талмай түсіндіруі барлық жерде насихат пен үгіт-насихат жұмыстарында лайықты орын алады.

(Жалғасы 2-бетте)

## ● НЕГІЗГІ БАҒЫТ

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Жиынды ашқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев жобаның негізгі бағыттарын түсіндіріп, үлкенді құрметтеу, ұлттық құндылықтарды сақтау, тарихи сананы қалыптастыру, отбасы институтын нығайту, жастарды адалдыққа, жауапкершілікке және отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды.

Жоба жоспары бойынша төраға орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы «Оқуға құштар ұлт» тақырыбында баяндама жасап, әр шаңырақта іс жүзіне асыру, ардагерлер мен жас буын арасында бірлесіп кітап оқу дәстүрін енгізу арқылы жастардың зияткерлік әлеуетін көтеру, ойлау қабілетін дамыту және ұлттық құндылықтарды әдебиет арқылы сіңіру туралы өз ойларымен бөлісті.

Кездесуде «Үлкенді құрметтеу - ұлттық дәстүр», «Отбасы құндылықтарын дәріптеу», «Дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік» тақырыптарында үлкенге ізет, отбасының қоғамдағы орны, ұлт-

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» реформаларын жүзеге асыру аясындағы ардагерлер қауымдастығының «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жоспары бойынша жеті басым бағыт белгіленген болатын. Қонаев қалалық ардагерлер кеңесі Шенгелді ауылы округі әкімдігінің мәжіліс залында ардагерлердің қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттыру, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, азаматтық жауапкершілік пен патриоттық құндылықтарды дәріптеу, сондай-ақ ауылдық жерлердегі ардагерлерді жастармен бірлескен жобаларға тарту туралы ой бөлісіп, пікір алмасты.

тық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды сақтаудың маңызы кеңінен әңгіме болды.

Жиынға қатысқан Шенгелді ауылдық округі әкімінің орынбасары Жомарт Айымбетов, қалалық мәслихаттың депутаты Иманғали Игисенов, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Ғабит Жылқыбаев, ауыл арда-

би тәжірибесін пайдалана отырып, өскелең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және «жасампаз патриотизм» құндылықтарын сіңіру, жастарды жаңа Қазақстанның реформаларын қолдауға және ел игілігі үшін нақты жасампаз істермен айналысу жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.



герлері Медеухан Төлеубеков, Маралбек Межженов жастар тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында өз ойларымен бөлісті. Сонымен бірге ардагерлердің өмірлік және кәсі-

Шенгелді аумағында өздерін толғандырып жүрген өзекті мәселелер төңірегінде ашық әңгіме өткізді.

Заңғар АЛТАЙ.  
Шенгелді ауылы.

## ● ОТБАСЫ

# ТӘРБИЕНІҢ ҰЯСЫ

Отбасы-адам тәрбиесінің алтын бесігі, ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттердің қалыптасатын алғашқы ортасы. Әрбір адал, еңбекқор, елін сүйетін азаматтың қалыптасуы ең алдымен отбасынан бастау алатыны жасырын емес.

Өнегелі отбасылардың тәжірибесін насихаттау, жас ұрпаққа адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, отансүйгіштік сияқты асыл қасиеттерді дәріптеу және отбасы тәрбиесінің қоғамдағы маңызын кеңінен насихаттау мақсатында осы аптаның сәрсенбісі күні аудандық кітапхананың оқу залында «Адал азамат» жобасы аясында «Еліне азамат тәрбиелеген отбасы» тақырыбында тағылымды кездесу болып өтті.

Аталмыш мәдени шараға

қанат» мектебінің толықтай грант иегері атанған Балым Дастанқызы мен оның анасы Гүлзира Досымбаева құрметпен шақырылды. Сонымен қатар ауданымыздың мақтанышы, 2023 жылы Бішкек қаласында өткен грек-рим күресінен әлем чемпионын жеңіп алып, «Үздік спортшы» атанған, сондай-ақ 2026 жылы Орал қаласында өткен еркін және грек-рим күрес түрлерінен Қазақстан чемпионатында 55 және 57 келі салмақ дәрежелері бойынша сынға

сып, жастар арасындағы Әлем кубогында ел мерейін үстем еткен жерлесіміз Әлихан Нұрзақ пен Әлиханның анасы Кәмшат Асқанбай осы кештің құрметті қонақтары болды.

Танымдық кеш барысында өнегелі отбасылардың жанұядағы жетістіктері және олардың өзгелерге үлгі боларлықтай тәлім-тәрбиелері насихатталып, құрметпен оларға сөз кезегі берілді. Сондай-ақ бұл тәрбиелік мәні зор танымдық кешке ұрпақ тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын насихаттауға елеулі үлес қосып, еселі еңбек сіңіріп, бүгінгі таңда немере, шөбере сүйіп, өсірген, ұл-қыздарының жемісін көріп отырған аяулы аналар Гүлмайра Көбегенова және Айжан Мұхамеджанова арнайы шақырылып, кеш қо-



осы жылы «Айқанат» олимпиадасына қатысып, аудандық, облыстық, республикалық кезеңдерден өтіп, Бурабайдағы жоғарғы сынып оқытатын «Ай-

түсіп, төрт бірдей алтын медальды еншілеген Дамир Мархабаұлы мен Дамирдің анасы Қарлығаш Сарсенова және жастайынан бокспен айналы-

нақтары да бала тәрбиесіндегі құндылықтарды жас отбасыларға айтып, өз өмірлерінен әңгіме сабақтады.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Жағымсыз әдеттермен күрес (құмар ойындар). Лудомания - қоғамның генофондын бұзатын, ұлттық қауіпсіздікке төнген жа-сырын қауіп. Ардагерлер жеңіл ұтыстың адамды ерік-жігер-ден, болашақтан және адамдық қадір-қасиеттен айыратын елес екенін түсіндіре отырып, қатаң профилактикалық жұмыстарды жалғастырады.

Осы іргелі ұлттық құндылықтар-ды таратудың тиімді құралы ретін-де біз бастамашылық еткен ауқым-ды «Цифрлық ұзақ өмір» жобасы қызмет етуге тиіс. Оның негізіне өзара рухани баю форматында құрылатын бірегей ұрпақаралық диалог енгізілген. Жоба аясында жастар аға буынның қазіргі заман талабына сай шындыққа бейімде-луіне көмектеседі, қарт адамдарды тез дамып келе жатқан цифрлық технологиялар қоғамында әлеумет-тік белсенді болуға үйретеді. Өз кезегінде, ардагерлер осы жанды қарым-қатынас процесінде өскелең ұрпаққа көпғасырлық тәжірибені, даналықты және дәстүрлі рухани-а-дамгершілік бағдарларды мирас етіп тапсырады.

ҰКІМЕТТІК ЕМЕС  
ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ОРГАНДАРМЕН  
ПРАКТИКАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-  
ҚИМЫЛ

Қазіргі жұмыс стилі нақты істер мен мықты серіктестіктер релсыне көшуді талап етеді. Соңғы уақытта Орталық кеңес бірқатар маңызды келісімдер жасасты, олар қазіргің өзінде жергілікті жерлерде айтар-лықтай нәтижелер беруде.

**Тоғызқұмалақ федерация-сымен серіктестік:** Ұлы даланың интеллектуалдық мұрасын сақта-уға бағытталған. Бүкіл ел бойынша ардагерлер балалар үшін тәлімгер ретінде әрекет етіп, ұлттық ой-ындар арқылы олардың стратеги-ялық ойлауын дамытады. Бұл тек дәстүрді беру ниеті емес, сонымен қатар қарт адамдардың өздерінің жоғары интеллектуалдық белсен-ділігін қолдау құралы болып табы-лады.

«Ауыл» партиясымен серікте-стік: Ауылдық аумақтарды эконо-микалық және әлеуметтік қолдауға бағытталған келісім. Бұл серік-тестіктің флааманы бірегей «Қаз хабы» жобасы болды, оның шең-берінде ауыл зейнеткерлеріне жеке қосалқы шаруашылықтарды дамы-ту үшін өсірілген қаздар мен құра-ма жемнің бастапқы қоры беріледі. Бұған жауап ретінде жастар десант-тары қарт адамдарға шаруашылық бойынша көмектеседі.

Осылайша, аталған меморан-думдарға қол қою - бұл жай ғана ниет декларациясы емес, тұтас әле-уметтік-экономикалық экжүйені құру. Мұндай келісімдер арқылы Орталық кеңес мемлекет пен азаматтық сектор арасында көпірлер орнатады. Ардагерлер тәжірибесі мен серіктестеріміздің ресурста-рының синергиясы ең күрделі мін-деттерді шешуге мүмкіндік береді: шағын ауылдардың экономикасын көтеруден бастап қала жастарының интеллектуалдық дамуына дейін. Бұл қолданбалы ынтымақтастық форматы Ардагерлер ұйымының жалпыреспубликалық деңгейде тиімді әлеуметтік жобаларды ге-нерациялауға және сәтті масштабта-уға қабілетті екенін дәлелдейді.

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ АРҚЫЛЫ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ БАСТАМАЛАР

Қазіргі шындықта Ардагерлер ұйымы өз алдына өршіл құқықтық міндеттер қояды. Бүгін біз тек қол-даныстағы ережелерге бейімделіп қана қоймай, қарт азаматтарды әле-уметтік қорғауды және қоғамдық қауіпсіздікті реттейтін құқықтық өрісті жақсартудың жолдарын бел-сенді түрде іздестірудеміз.

Дәл осы беделді қоғамдық плат-форма - Халық Кеңесі арқылы біздің ұйым бейінді заңнамаға қа-жетті өзгерістер мен түзетулерді бастамашылық етуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар ұйым құқық бұзушылықтың алдын алу және жастарды тәрбиелеу саласын-

да түбегейлі жаңа құрылымдық құқықтық бастаманы ұсынады. Бүгінде қоғамда ұсақ бұзақылық немесе өзге де елеусіз әкімшілік теріс қылықтар жасаған жастарды әкімшілік қамауға алу тәжірибесі бар. Алайда құқық бұзушыны бе-делді аксақалдардың қадағалауы мен тәлімгерлігіне берудің тәрби-елік әсері оны оқшаулаудан гөрі әл-дейдай жоғары.

Осыған байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘҚБтК) елеусіз теріс қылықтар жасаған адамдарды әкімшілік қа-маудан босатуға және соттың неме-се уәкілетті органдардың шешімі бойынша оларды Ардагерлер кеңе-стерінің тікелей кепілдігіне (тәрби-елік бақылауына) беруге мүмкіндік беретін арнайы норма енгізу орын-ды деп есептеледі.

Бұл жүйе аясында жас ұрпақтың қателескен өкілі белгіленген мерзімді оқшаулағышта емес, Ар-дагерлер ұйымының мүшелерімен тығыз байланыста өткізіп, тәлімгер-лік және қоғамдық пайдалы еңбек арқылы моральдық-адамгершілік тұрғыдан түзелу мектебінен өтеді. Бұл қадам Ардагерлер ұйымының мәртебесі мен беделін мемлекеттік деңгейге көтереді: бірлестік жай ғана консультативтік орган емес, мемлекеттік-тәрбиелік функциялар жүктелген пәрменді институтқа ай-налады. Бұл экспериментті елдің бірнеше елді мекенінде пилоттық нұсқада апробациялау ұсынылады.

Алайда ауқымды мемлекеттік реформалар азаматтық қоғам ин-ституттарының өздерін де жаңар-туды талап етеді. Қозғалыстың ұйымдастырушылық және шабыт-тандырушы күшін Орталық ап-парат және оның облыстардағы, қалалар мен аудандардағы филиал-дары жүзеге асырады, мұнда бас-шыларды іріктеу маңызды процесс болып табылады. Қазіргі кезеңде ҰЕҰ секторында басқарушы кадр-лардың ауысымдылық принципін заңнамалық тұрғыдан бекіту қа-жеттілігі пісіп-жетілді.

Елдің жоғары саяси институтта-рымен ұқсастық бойынша, «Қоғам-дық бірлестіктер туралы» Занда қоғамдық бірлестіктер басшылары-ның өз лауазымында қатарынан ең көбі екі мерзімнен артық болуын шектейтін норманы бекіту орын-ды. Басқару буынында көп жылдар бойы, ауысымсыз болу көбінесе жұмыстың динамикасының төмен-деуіне және тоқырауға әкеледі. Екі мерзім принципін енгізу ұйымдар-ды кадрлық тоқыраудан қорғайды және оның орнына жігерлі, ынталы актив келетін сабақтастықты қамтамасыз етеді.

БАСТАУЫШ АРДАГЕРЛЕР  
ҰЙЫМЫНЫҢ  
ФИЛИАЛДАРЫ -  
ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ НЕГІЗІ

Біздің ұйымның күші орталық аппаратның кабинеттерінде емес, оның бастауыш буынында. Бұған жақында Солтүстік Қазақстан об-лысына жасалған жұмыс сапа-ры айқын дәлел болды. Вагулино ауылындағы (Петропавл өңірі) бастауыш ардагерлер ұйымына барған Орталық кеңес басшылығы барлық нақты, жанды жұмыстың дәл осы жергілікті жерлерден басталатынына жеке көз жеткізді. Вагулинода ардагерлер активінің әр үйдің тыныс-тіршілігін қалай бақылап отырғаны анық көрінеді - кімге отын, кімге дәрі-дәрмек керек екенін біледі, ал кім ауыл жастары үшін үйірмелерді жеке жүргізуге дайын. Бұл тәжірибе ауылдардағы, аудандардағы және кәсіпорындар-дағы бастауыш ұйымдардың бүкіл қозғалыстың басты іргетасы екенін дәлелдейді.

Жақында Астана, Көкшетау, Қарағанды және Петропавл қала-ларында өткен және ардагерлер кеңестерінің өкілдерін біріктірген дөңгелек үстелдер жергілікті жер-лердегі қуатты шоғырлануды анық көрсетті. Бұл кездесулер біздің 7 басым бағытымызды толық қолдай-тынын көрсетті. Өңірлер тәлімгер-

лік векторында белсенді және жүй-елі жұмыс істеуге өздерінің толық дайындығын жеткізді.

Қарт адамдардың жасампаз белсенділігін мемлекет тарапынан қолдаудың маңызы зор. Жергілікті жерлерде Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының (БҰО) құрылы-сына және олардың жұмысын қамтамасыз етуге бөлінген мем-лекеттік бюджет өзінің ең жоғары әлеуметтік тиімділігін көрсетті. Бүгінде мыңдаған ардагерлер бұл орталықтарды өзара пікір алмасу-дың толыққанды платформасына айналдырып, спорт пен мәдени демалыстың 30-дан астам түрі бой-ынша секцияларға белсенді қаты-суда. Бұл аға буынның денсаулығы-на қамқорлық жасап қана қоймай, олардың қоғамдық жұмысқа ар-налған жасампаздық әлеуетін ұзақ жылдар бойы сақтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Орталық кеңес өз алдында жасампаздықтың үлкен ауқымын көреді. Бүгінде Қа-зақстанда 2,5 миллионға жуық зей-неткер бар. Егер олардың бестен бір бөлігі - 500 мың белсенді арда-гер - жастармен жүйелі жұмысқа қосылып, әрқайсысы тек 20 жасты (өз туыстарын, немерелерін және көршілерін) өздерінің жеке тәрби-есіне және тәлімгерлікке алатын болса, біз орасан зор нәтиже ала-мыз. Бұл ұлттық құндылықтарды терең түсінетін, дәстүрді қастер-лейтін және мемлекеттік негіздерді құрметтейтін еліміздің 10 миллион азаматы. Бұл бір кішкентай ауыл-дық бастауыштан басталып, бүкіл республиканы қамтитын шынайы рухани жаңғырудың ауқымы.

МАЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ  
ҚАЙТА ӨНДЕУ  
ИНДУСТРИЯСЫН ДАМУ  
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ЖӘНЕ  
АӨК-ТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕТІКТЕРІ

Өскелең ұрпақтың бойында туған жерге және табиғатқа ұқып-ты қарауды қалыптастыру, ата-ба-



бамыздың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғы-рту, сондай-ақ балалық шақтан берік еңбек дағдыларын сіңіру көп жағдайда урбанизация қарқынын бәсеңдетуге және жастардың қалалық көпқабатты үйлерден ауыл-дық жерлерге қайта оралуын ын-таландыруға байланысты. Мұндай тамырға оралу үдерісі қазақстан-дық ауылға жаңа тыныс беріп, оны түлетуге қабілетті, алайда бұл мақ-сатқа қол жеткізу үшін ауылдық ай-мақтарда берік экономикалық және инфрақұрылымдық ынталандыру тетіктерін құру қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамта-масыз ету және аграрлық сектор-ды сапалы дамыту тұрақты түрде өсудің қосымша резервтерін ізде-уді және ынталандыру шараларын жетілдіруді талап етеді. Балық ау-лау әуесқойы ретінде мен көпте-ген жылдар бойы ұлы даламыздың ең шалғай бұрыштарына барып, түрлі өзендер мен көлдерге жүз-деген шақырым жол жүрдім. Осы көпжылдық сапарлардан соңғы төрт-бес жылдағы ауқымды ин-фрақұрылымдық түрленулердің айқын көрінісі қалыптасады, бұл шынайы таңданыс пен мақтаныш тудырмай қоймайды. Көптеген шалғай ауылдарда бүгінде сапалы

асфальт төселген - бұл орасан зор шығындар, күрделі логистиканы, ауыр техниканы ауыстыруды және жергілікті жерлерде автономды ас-фальтбетон зауыттарын арыналасты-руды талап етеді. Жолдармен қатар ауылдардың сыртқы келбеті де тү-бегейлі өзгерді: барлық жерде үлгілі тазалық сақталады, жаңа заманауи мектептер салынуда, мешіттер бой көтеруде, шағын спорт ғимаратта-ры ашылуда, автобус аялдамалары абаттандырылуда. Ауыл сөзбе-сөз көз алдымызда өзгеріп жатыр.

Ауыл шаруашылығы министр-лігінің 2026 жылғы 1 маусымдағы мәліметтері бойынша, отандық мал шаруашылығы секторы тұрақты динамика көрсетуде: ірі қара мал (ІҚМ) басы 10 млн-ға, ұсақ мүйізді мал (ҰММ) - 26,7 млн-ға жетті, ал жылқы саны 5,4 млн басты құрай-ды. Сала үшін қосымша серпін ретінде ағымдағы жылы мал өсіру-ге және оның басын көбейтуге тіке-лей бағытталған жеңілдікті 6%-бен 300 миллиард теңге бөлінуі қызмет етеді. Әрине, мал шаруашылығы-ның қарқындауы заңды түрде іле-спе шикізат - былғары материалы мен жүн көлемінің еселеп артуына әкеледі.

Сонымен қатар мал басының өсу қарқынына ілесу үшін қайта өңдеу секторының ағымдағы қу-аттылығы әлі де кеңейтуді қажет етеді. Ауыл шаруашылығы мини-стрлігінің мәліметінше, республи-када жалпы қуаттылығы 29 мың тонна болатын жүн өңдейтін 9 кәсіпорын, сондай-ақ тері өңдейтін 12 кәсіпорын жұмыс істейді. Ин-дустриялық картаны кеңейту шең-берінде Жамбыл, Батыс Қазақстан, Алматы облыстарында және Ал-маты қаласында тағы 4 зауыттың құрылысын жүргізуде. Алайда, іске қосылып жатқан объектілерге қарамастан, іске асырылмаған әле-уеттің ауқымы жоғары болып қала береді: жыл сайын өндірілетін ІҚМ терісінің жалпы көлемінің тек 6%-ға жуығы ғана ішкі қуаттылықтар-мен игеріледі. Қалған былғары шикізаты (шамамен 2,8–3 млн дана тері) мен жүн әзірге экономикалық айналымнан тыс қалып отыр.



Тағы бір өткір әрі жүйелі ретте-уді талап ететін мәселе - жыл сай-ынғы қасиетті Құрбан айт мерекесі кезінде құнды субөнімдердің жап-пай қояқсқа тасталуы және мал сою орындарында антисанитарлық жағдайлардың туындауы. Егер архивтік мәліметтерге сәйкес, 2016 жылы ритуалдық құрбандыққа шалу көлемі 1 млн койдан асқан болса, бүгінде, ең қарапайым са-рапшылық есептеулер бойынша, ол 300 мыңнан астам басты құрай-ды. Осыған байланысты, барлық деңгейдегі әкімдіктердің патро-нажымен бұл мәселеге жедел түр-де кәсіпкерлік әрі шаруашылық тәсілмен келу қажет. Малдың ішек-қарны мен субөнімдері - бұл нағыз жеңсік асжәне дәрумендер мен микроэлементтердің орасан зор қоймасы, олардың пайдалылық коэффициенті көбінесе еттің өзі-не қарағанда айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар, бұл шикізат жоға-ры технологиялық фармацевтика өнеркәсібінде және маманданды-рылған биокоспалар өндірісінде пайдалану үшін үлкен әлеуетке ие. Аталған түйткілді тиімді шешу экологиялық тәуекелдерді жойып қана қоймай, еліміздің азық-түлік қоржынын бір мезгілде нығайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға байла-нысты, қайта өңдеу индустриясын терең дамыту жастардың жаңар-тылған, заманауи ауылдарға ора-луына қуатты серпін бере алады. Шикізат көлемінің алдағы уақытта артуын ескере отырып, жаңа қайта өңдеу қуаттылықтарын салу үшін қаржыландыру көздерін түбегейлі әртараптандыру жөніндегі ұсыныс қызығушылық тудырады. Атап айтқанда, пәрменді кадам ретінде ардагерлердің дағдарыстық құ-былыстарды еңсеру кезеңдерінде бөлінген, кезінде екінші деңгейде-гі банктер қайтармаған қалған 1,1 триллион теңгені экономиканың нақты аграрлық секторына инте-грациялау үшін пайдалану туралы ұсынысы алға тартылды.

Бұл салаға ауқымды мемле-кеттік инвестициялар толығымен ақталған, экономикалық тұрғы-дан негізделген және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ халықаралық нарықта қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілі-гін арттыруда жылдам нәтижелер береді. Теріні, жүнді, субөнімдерді және сүйек ұнын терең өңдейтін кәсіпорындардың тармақталған желісін құру мал шаруашылығы-ның кешегі қосалқы өнімдерін қосылған құны жоғары, жоғары технологиялық дайын өнімге ай-налдыруға мүмкіндік береді.

Бұл тетікті іске асыруды ауыл-дық кәсіпкерлік субъектілерін ұзақ мерзімді жеңілдікпен кредиттеу құралдары арқылы мынадай па-ритеттік шарттарда жүзеге асыру ұсынылады:

Алғашқы 5 жылға негізгі бо-рышты төлеу бойынша бейімделу кезеңін (каникулдар) ұсыну;

Кредит бойынша міндеттеме-лерді орындауды жоспарлы түрде тек 6-шы жылдан бастау;

Бүкіл қаржыландыру кезеңіне 3 пайыздық мөлшерлемені белгілеу.

Осы тұрғыда Ардагерлер ұйымы қоғамдық мониторинг институтта-рын дамыту арқылы қабылданып жатқан шаралардың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етудегі өздерінің ең маңызды мемлекеттік рөлін көреді. Жергілікті жерлер-дегі тәжірибелі, құзыретті және беделді ардагерлер белсенділері кез келген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын ала отырып, бөлінетін ресурстардың мақсатты игерілуін қатаң бақылауға алуға, сондай-ақ қайта өңдеу зауыттары-ның уақтылы пайдалануға берілуін және ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс орындарының нақты құрылуын қадағалауға дайын. Өза-ра іс-қимылдың мұндай форматы мемлекет, қоғам және бизнес ара-сындағы синергияны нығайтып, қайтарылатын қаржылық актив-тердің елдің ұзақ мерзімді эконо-микалық әл-ауқатына қомақты үлес қосуына кепілдік береді.

Жоғарыда көрсетілген ауқым-ды қоғамдық, құқықтық және эко-номикалық бастамалар ағымдағы жылдың 16 мамырында өткен «Ар-дагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің ХІ Съезі-нен кейін әзірленген жаңартылған бағдарламаның өзегін құрайды. Жоғарыда баяндалған жобаны әзір-леуде және осы өршіл міндеттерді қалыптастыруда өз дамуының тү-бегейлі жаңа кезеңіне кадам басқан ұйым үшін Қазақстан Республика-сының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев белгілеп берген ел дамуының стратегиялық бағыт-тары негізгі идеологиялық және практикалық тірек болды.

Бұл бағдарламалық мақсаттар-ды жүзеге асыру Ардагерлер ұйы-мына жалпымемлекеттік маңызы бар шешімдерді әзірлеуге тікелей және тиімді қатысуға, жастардың ауылға оралуына және тұрақтауына ықпал етуге қабілетті ықпалды, жа-сампаз күш ретінде бекуіне және ең бастысы, қоғамның барлық топта-рына, соның ішінде біздің өскелең ұрпағымызға терең жасампаздық және тәрбиелік әсер етуге мүмкін-дік береді!

Әбілғазы Құсайынов  
«Ардагерлер ұйымы» РКБ  
Орталық кеңесінің Төрағасы,  
Қазақстан Республикасының  
мемлекет және қоғам  
қайраткері.

● ЕСТЕН КЕТПЕЙТІН АЗАМАТ

Редакциядан. Газетіміздің 2026 жылдың 10 шілдесіндегі № 30 санындағы Советбек Дүйсенбаевтың «Тағдыры туған жермен тағдырлас» атты мақаласында осы жарияланымды ұйымдастырушы Алматы Рамазановтың қателігінен Қанаділ Әбдікерімовтың суреті қойылып кетіпті. Қанаділ Әбдікерімовтың туыстарынан бұл қателік үшін кешірім сұраймыз. Мақаланы ұйымдастырушы тілшіге тиісті жаза қолданылды. Кешірім сұрай отырып, оқырман назарына төмендегі мақаланы ұсынамыз.

## ҚАНАДІЛ ТУРАЛЫ АЙТСАҚ...



- Алдынан жүгіріп барсам жасы үлкен ағам. Е, сен бала не білесің? Бұл кісі-біздің ауылды көтеріп, гүлдендірген тұлға. Ол кісіге қандай құрмет жасасаң да, артық емес. Құрметке лайық бірден бір абыз кісі. Қайдан білейік, ол кезде біз баламыз.

Кейіннен білдім, Қанаділ Әбдікерімов «Көлбастау» ұжымшарын басқарғанда ең алдымен еңбеккерлерге қарқынды жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай туғызды. Колхоздағы еңбекшілердің жалақысы көтеріліп, уақытылы беріліпті. Өмірі білмеген еңбек демалысына шыққан екен. Сыйақы да алып тұрған. Ұжымшар мүшелерін кезекпен кезек сауықтыру орындарына, шет елдерге туристік сапарларға жіберіп тұрыпты. Көп балалы аналарға да тиісті жағдай жасапты. Бүгінгі күнмен қарасам, ауылдағы ірі нысандар, атап айтсам, 600 орынды мектеп, екі қабатты мәдениет үйі мен екі қабатты әкімшілік ғимараты, бәрі марқұм Қанаділ атамыздың кезінде негізгі қаланыпты. Осылайша, жауапкершілігі жоғары Қанаділ атамыз зейнетке шыққанда да өзінің биік мәдениетімен, парасат-пайымымен жерлестерінің абыройына бөленіп, үлкен құрметке ие болған екен.

Мандайының бағы бар елге, кеменгер басшы келеді. Ал біздің ауылымыздың бағына келген кемел кісі- Әбдікерімов Қанаділ еді. Ұмытпайық!

Болат СӘРСЕНБАЙ.

● АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА

Бүгінгі күнгі мемлекетіміздің жасампаздығын жасау жолындағы жанкешті іс-қимылы халқымыздың қамын ойлап, қажеттілігін қамтамасыз етудегі ерекше серпін екені күнделікті өмірімізден айдай анық дәлелденіп келеді. Мұның өзі еліміздің Отанға деген сүйіспеншілігін одан әрі арттыра түсіп, ортақ мақсатқа деген ынтасын жұдырықтай жұмылдырып отыр.

## Өзекті мәселе талқыланды

Аудандық ардагерлер ұйымы еліміздің сардарлы да салмақты саясатын берік ұстанымға айналдырып, әрқашан да өздерінің өткізіп келе жатқан басқосулары мен алқалы жиындарында күн тәртібінен түсірмей келеді. Оған көпшіліктің алдына көлденең тартар жанды мысалдар да жетерлік. Оны айтып жатудың өзі ұзақ әңгімеге созылып кетеді.

Ұйымның соңғы өткен басқосу жиынында да мәні бар маңызды мәселелер қаралды. Ауданның орталық кітапханасында кеңейтілген жағдайда өткен бұл басқосуда қала, аудан ұйымдарының төрағалары мен аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ұйымдарының төрайымдары және «Алатау жастары» ұйымдарының жетекшілері болды. Күн тәртібінде: Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» және

«Адал азамат» реформаларын жүзеге асыру аясындағы республикалық ардагерлер Орталық кеңесінің тапсырмалары мен нұсқауларына сәйкес туындаған мәселелер тілге тиек етілді.

Алғашқы мәселе «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» атты тақырыпта баяндама жасаған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов аталған тақырып ауқымына жан-жақты тоқталды. Оның мәні мен мазмұнына салиқалы түрде сараптама жасап, кеңінен түсініктеме берді. Сондай-ақ, тыңдаушылар тарапынан қойылған сұрақтарға тұжырымды жауаптар беріп, баяндама барысын егжей-тегжейлі жеткізді. Осы тақырып аясында сөйлеген ұйым төрағалары да оралымды ойларын ортаға салды.



● ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

## Өткеннің тағылымы

Уақыт пен заман қанша құбылғанымен ұлттың өзегін, рухын биік ұстайтын жалғыз тетік бар. Ол – өткеннің тағылымы, бүгінгінің парасаты және болашақтың жауапкершілігі тоғысқан ұрпақтар сабақтастығы.

Өткен мен келешектің арасындағы алтын көпірді бұзбай, ұлттық құндылықтарды келесі буынның санасына сіңіру бүгінгі қоғамның ең басты стратегиялық міндеті. Осы ұлы мұратты арқау еткен тағылымды басқосу Іле ауданына қарасты Байкент ауылдық округінің кітапханасында болып өтті.

«Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жеті басымдық бағыты аясында ұйымдастырылған іс-шараға бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары, «Асыл анна» қоғамдық бірлестігінің төрағалары, «Алатау жастары» ұйымының белсенділері қатысты.

Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев бірлескен отырыста ел дамуының өткенін саралап, болашағын бағдарлап, алдағы жаңа кезеңді кескіндейтін баяндама жасады.

Негізгі бағыттарды саралай келе еліміздің алдағы дамуына сер-

ты жаңғыртуға бағытталған «Жеті басымдық бағыттың» әрқайсысы жас ұрпақтың бойына отаншылдық пен адамгершілік қасиеттерді дарытудағы маңызды тетік екенін атап өтті.

Аталған жиында сөз алған Байсерке ауылдық округі ардагерлер ұйымының мүшесі Абейбеков Құрманғали ұлттық тәрбиенің арнасы ең алдымен отбасынан басталатынына ерекше тоқталды.

Елдің ертеңі саналы, білімді әрі тәрбиелі жастардың қолында екенін, еңбекқорлықты, салт - дәстүрге деген сүйіспеншілік пен құрметті сіңіру тек бір отбасының емес, тұтас қоғамның ортақ парызы екенін айтты.

Өтеген батыр кенті «Асыл анна» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Гаухар Абдильдинова Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен - кітап, адамзат еткен кітапха-



на» дегеніндей, біз кітап арқылы ғана биік белестерді бағындырамыз, өйткені, оқыған адам ғана озық болады, ежелеп әріп тани бастаған балаларымыздан бастап, батагөй данамызға дейін осы игі іске жұдырықтай жұмылуымыз қажет деп ойын түйіндеді.

Бас қосуды Байкент ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйы-

на» дегеніндей, біз кітап арқылы ғана биік белестерді бағындырамыз, өйткені, оқыған адам ғана озық болады, ежелеп әріп тани бастаған балаларымыздан бастап, батагөй данамызға дейін осы игі іске жұдырықтай жұмылуымыз қажет деп ойын түйіндеді.

Бас қосуды Байкент ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйы-



Бұдан кейін Мемлекет Басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру» жөніндегі шаралар туралы Жарлығына байланысты кеңінен әңгіме қозғалды. Осыған орай «Кітаппен келешекке», «Кітап оқиық, ағайын!», «Кітап оқуды қуана құлтаймыз!» сынды тақырыптарды қамтыған іс-шараны орталық кітапхана қызметкерлері ұтымды ұйымдастырған. Орталық кітапхананың кітапханашысы Ақырыс Елубаева бүгінгі күні көп оқылып жатқан әдеби кітаптарды таразы талқысына салып берді. Бұл бағытта сөйлеушілер де айтарлықтай болды.

Мәселен, Шамалған ауылдық ақсақалдар алқасының заңгері Қайыржан Шәкімов жастар жағын кітап оқуға жұмылдырудың тиімді жолдарына ерекше тоқталып өтті. Сол сияқты отбасы құндылықтары, дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік, жастар бойына адамгершілік асыл қасиеттерді қалыптастыру секілді көкейкесті мәселелер байыптылықпен көпшілік талқысына салынды. Сөйлеушілер де тұжырымды да түйінді пікірлерін бүгіп қалмады.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,  
журналист.  
Қаскелең қаласы.



мының төрағасы Жаңыл Оғызбаева қорытындылады.

Ұрпақтар сабақтастығы бұл жай ғана сөз емес, ұлттың рухани тұтастығын ұстап тұрған алтын көпір. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу - әрбір азаматтың перзенттік борышы.

Жеті басымдық бағыты аясындағы жұмыстар науқаншылдыққа айналмай, әрбір ауылда тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Бұл үшін ардагерлер, аналар жастар ұйымының ынтымақтастығын күшейтуіміз керек, бұл ретте әр азаматтың белсенді ұстанымы мен жауапкершілігі басты бағыт екенін алға тартты. Бағыт айқын, мақсат ортақ.

Іс - шара барысында құр сөз бен есептен бұрын нақты қимылдар талқыланды. Жиынға қатысушылар жобаның басым бағыттары төңірегінде өз ұсыныстарын ашық айтты.

Тарихи мұралар мен дәстүрді насихаттайтын ашық кештерді жиілетуді отбасы институтын нығайту бойынша танымдық кездесулерді қолға алуды алға тартты. Байкентте өткен бұл алқалы жиын өз мақсатына толық жетті.

Өткеннің тағылымы мен бүгінгінің талабы тоғысқан бұл басқосу ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға салынған тағы бір берік кірпіш екені даусыз.

Бағдат БАЙПАҚБАЕВА,  
«Асыл ана» қоғамдық  
бірлестігінің төрағасы.  
Іле ауданы

● ОТБАСЫ

## ТӘРБИЕНІҢ ҰЯСЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Танымдық кеш барысында ауданның Құрметті азаматы, Ақдала ауылдық «Ардагерлер кеңесінің» төрағасы Бекен Шыбықбаев пен зейнеткер қария Жанатбек Әбілхамиев құттықтау тілектерін айтып, ақ батасын берсе, Бақанас ауылдық «Аналар кеңесінің» төрағасы, «Белсенді ұзақ өмір орталығының» кеңесшісі Күләш Ахмадиева өнегелі отбасында тәлім-тәрбие алып, еліміздің мақтанашы болып жүрген жастарға және танымдық кешті ұйымдастырушыларға өзінің жүрекжарды ақ тілегін білдірді.

Сонымен қатар аудандық «Ақжүніс» әйелдер қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлнәр Зікірова кеш қонақтарына құттықтау тілегін арнап, арнайы дайындаған сый-сияпаттарды табыстады. «Адал азамат» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шараны жүргізген облыстық ішкі саясат басқармасы Қоғамдық келісім және даму орталығының Балқаш ауданындағы жетекші-сарапшысы Ғалия Жүсіпова кез-келген қоғамда адалдық, әділдік, еңбекқорлық және жауапкершілік сияқты асыл қасиеттерді дәріптеу бүгінгі күннің негізгі мәселесі екенін айтып, іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан қатысушыларға ризашылығын білдірді.

Иә, отбасы-тәрбиенің алтын ұясы. Баланың бойына мейірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекке адалдық, Отанға деген сүйіспеншілік сынды асыл қасиеттерді ең бірінші ата-ана сіңіреді. Сондықтан әрбір отбасы ел болашағына жауапты екенін терең сезініп, жақсы қасиеттерді бала жасынан бойына сіңіре білгендері абзал.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ,  
Балқаш ауданы, Бақанас ауылы.

## ● ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Заң мен тәртіп қағидасын ілгерілету және жастар арасында сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениеттерді қалыптастыру мақсатында аудан орталығындағы Д.Қонаев атындағы саябақта «STOP CORRUPTION» атты жастар фестивалі болып өтті.

## ЖАСТАР – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Іс-шара барысында аудандық полиция бөлімі мен прокуратура қызметкерлері қатысып, жастар қауымында құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жастар арасында танымдық және түрлі спорттық ойындар ұйымдастырылды.

Мәдени шарада алғашқы сөз кезегін алған облыстық жастар ресурстық орта-



лығы директорының орынбасары Диляра Нұрланқызы ұйымдастырылып жатқан іс-шараның мақсатына ерекше тоқталып, «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың сапалы білім алып, бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптасуына ерекше көңіл бөліп келеді. Мемлекет басшысы «Жастар – еліміздің жарқын болашағының кепілі екенін үнемі атап өтеді. Бұл – жастарға артылған үлкен сенім мен жауапкершіліктің белгісі» деп, облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға жан-жақты тоқталып, жастардың бойына отансүйгіштік, жауапкершілік, адалдық және еңбекқорлық қасиеттердің қалыптасуы өте маңызды екенін атап өтті.

Келесі болып сөз кезегін алған Балқаш ауданы прокуратурасының прокуроры Серікболат Мәліков пен аудандық полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция майоры Махаббат Әбдікерімова құқықтық мемлекет құрудың басты шарттарының бірі – заңның үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамда тәртіпті сақтау, жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, «Заң мен тәртіп» қағидаларын түсіндіру маңызды міндеттердің бірі екенін айтып, заңды құр-

меттейтін адам өз құқығы мен міндетін білетін жас ұрпақ елдің тұрақты дамуына үлес қосатынын және жастар ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын құрметтеп, қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтан аулақ болу, сонымен қатар интернет кеңістігінде де мәдениеттілік танытып, кибербуллингке, жалған ақпарат таратуға және басқа да заңсыз әрекеттерге жол бермеуі қажеттігіне тоқталды.

«STOP CORRUPTION» атты жастар фестивалінде аудандық Мәдениет үйінің әншілері әуелете ән шырқап, жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шара соңында спорттық ойындарда белсенділік танытқан жастарды облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Диляра Нұрланқызы марапаттап, сый-сияпаттар табыстап, естелік суреттерге түсті.

Заңды құрметтеу – әрбір адамның Отан алдындағы азаматтық парызы. «Заң мен тәртіп» қағидаларын берік ұстанған жастар әділетті, қауіпсіз және өркендеген Қазақстанның қалыптасуына өз үлестерін қоса алады. Бүгінгі жас ұрпақ қандай тәрбие мен білім алса, еліміздің келешегі де сондай болмақ.

Қазіргі таңда мемлекетімізде жастарға жан-жақты білім алуға, кәсіп меңгеруге, ғылыммен айналысуға және өз қабілетін дамытуға мол мүмкіндік жасалып келеді. Бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – әрбір жас ұрпақтың азаматтық борышы. Білімге ұмтылған, жаңашылдыққа құштар жастар ғана елдің дамуына үлес қоса алады. Өзі елінің тарихын, Ана тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін құрметтеген жас ұрпақ қана ұлттық құндылықтарды сақтап, оны келесі буынға жеткізеді.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тарқатар болсақ, бүгінгі жастар – еліміздің ең басты байлығы әрі болашағы. Сондықтан әрбір азамат білімді, тәрбиелі, еңбекқор болып, туған жерінің дамуына өз үлесін қосуға ұмтылуы тиіс. Саналы да білімді жастар ортамызда көп болған сайын Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы да жарқын хәм ғұмырлы болары сөзсіз.

**Бақтығали ДӘУІТБАЙ.**  
Балқаш ауданы.

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының басшылығы Алатау қаласы ардагерлер ұйымының төрағасы Асқар Махмұдұлы Юсуповқа бауыры

**МҰХТАР МАХМҰДҰЛЫ ЮСУПОВТЫҢ**  
қайтыс болуына байланысты қазаға ортақтасып, қатты қайғырып көңіл айтады

## Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» туралы

Аталған тұжырымдама елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, қоғамда адалдық қағидаттарын нығайтуға және мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға бағытталған маңызды стратегиялық құжат болып табылады.

Тұжырымдаманың басты мақсаты – сыбайлас жемқорлықты экономикалық, әлеуметтік және беделдік тұрғыдан тиімсіз құбылысқа айналдыру, сондай-ақ қоғамда жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттары:

- заң алдындағы баршаның теңдігі мен әділдік;
- жариялылық, ашықтық және қоғамға есеп беру;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;
- мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және сапалы цифрлық трансформация.

Тұжырымдама шеңберінде алты негізгі міндет көзделген. Олар:

- біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру;
- екіншіден, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүмкіндіктерін жою;
- үшіншіден, құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету;
- төртіншіден, азаматтық қоғамның рөлін күшейту;
- бесіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімді мониторингін жүргізу;
- алтыншыдан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган қызметін жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстану арқылы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алады.

## ● «ЖАСЫЛ АЙМАҚ» АКЦИЯСЫ

## Жазушы мерейтойына арналды

«Таза Қазақстан» экологиялық тазалық акциясына Райымбек ауданының тұрғындары да ұйымшылдықпен қолдау көрсетіп отыр. Науқан басталғалы бір ай уақыт көлемінде елді мекендерде тазалық жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіліп, көше бойлары, еңбек орындары, саябақтар мен кенселердің айналасы, тұрғын үйлердің аулалары толықтай тазартылды.

Жүздеген тонна күл-коқыстар мен қалдықтар сыртқа шығарылды. Сөйтіп, көктемнің бір күнін жылдық азыққа байайтын жұртшылық, тазалық жұмыстарына арналған уақыттың әр сәтін де тиімді пайдалануға бар күш-жігерлерін жұмылдыруда.

Тазалық науқаны өткен сенбі күні аудан орталығындағы Б.Сокпақбаев атындағы жастар саябағында «Жасыл аймақ» бағыты бойынша жалғасын тапты. Сенбілік ретінде ұйымдастырылған, шараға бұл күні аудан орталығындағы барлық мекемелер мен ұйымдардың, денсаулық сақтау, білім саласының қызметкерлері, барлық ауылдық

округтердің әкімдері, ауыл тұрғындары қатысты. Бұл күні саябаққа 50 түп қарағай, 10 түп самырсын, 150 түп қайың, тал, терек көшеттері отырғы-

зылды. Аудан орталығындағы үш мектептің ұстаздары саябақ аландарын гүл көшеттерімен көмкерді. «Жасыл аймақ» акциясына қатысушылар бұл күнгі еңбек жетістіктерін өздерінің жерлестері, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 толу мерейтойына арнады.

**Жұмабек ТҮРДИЕВ.**  
Райымбек ауданы.



## ● РАЙЫМБЕК АУДАНЫ

## ДАМУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА

Райымбек ауданы-бүгінде әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны артып келе жатқан өңірлердің бірі. Ауыл шаруашылығы, туризм, шағын және орта кәсіпкерлік салаларына қолдау көрсетіліп, инфрақұрылымды жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.



Жолдар жөнделіп, ауызсу, электр желілері жаңартылып, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарының құрылысы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар су үнемдеу технологиялары енгізіліп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға бағытталған инвестициялық жобалар қолға алынуда.

Табиғаты көркем Райымбек ауданы туризмді дамытуға зор мүмкіндікке ие. Хантәңірі, Қарасаз, Шалкөде, Түзкөл сияқты табиғи және тарихи орындар өңірдің туристік әлеуетін арттыра түсуде. Ел бірлігі мен еңбекқорлығының арқасында ауданның экономикалық әлеуеті нығайып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған игі бастамалар өз жалғасын табуда.

**Қ. НҮРДАНБЕКҚЫЗЫ.**  
Райымбек ауданы.

## Тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі халықтың денсаулығын сақтауда ерекше маңызға ие. Осыған байланысты тамақ өнімдерін өндіру объектілерінің қызметі санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасында тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығымен бекітілген «Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Аталған санитариялық қағидалар тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізу процесінде өнім қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Санитариялық қағидаларға сәйкес тамақ өнімдерін өндіру объектілері өндірістік процестердің технологиялық ағымдылығын қамтамасыз етуі тиіс. Шикізатты қабылдау, өңдеу, сақтау және дайын өнімді шығару кезеңдері бір-бірімен қиылыспайтындай ұйымдастырылуы қажет. Бұл өнімнің ластану қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Өндірістік үй-жайлар жеткілікті жарықтандырылып, желдету жүйелерімен жабдықталуы қажет.

Объектілер сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіліп, көріз жүйелері үздіксіз жұмыс істеуі тиіс. Барлық жабдықтар мен өндірістік үстелдердің беттері жууға және дезинфекциялауға қолайлы материалдардан жасалуы керек.

Тамақ өнімдерін өндіруде қолданылатын шикізат пен материалдардың қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы тиіс. Өнімдерді сақтау кезінде температуралық режимдер мен жарамдылық мерзімдерінің сақталуы қатаң бақылауға алынады.

Объект қызметкерлері алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулерден өтуге міндетті. Сондай-ақ олар жеке гигиена қағидаларын сақтап, арнайы санитариялық киіммен жұмыс істеуі қажет. Қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады.

Санитариялық қағидалар өндірістік бақылауды ұйымдастыруда да талап етеді. Өндірістік бақылау шеңберінде үй-жайлардың санитариялық жағдайына, жабдықтардың тазалығына, ауыз су сапасына және өндірілетін өнімнің қауіпсіздігіне тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Тамақ өнімдерін өндіру объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау сапалы және қауіпсіз өнім өндіруге, тағамнан улану жағдайларының алдын алуға және халық денсаулығын қорғауға мүмкіндік береді.

**Н. МЕДЕТОВ,**  
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы